



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2023 жылғы 22 қыркүйектегі  
№ДС-338 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік құқықтарын қорғау туралы депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Әлеуметтік кодекске сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу Қағидалары<sup>1</sup> (бұдан әрі - Қағида) бекітілген. Аталған Қағидада еңбек жарақаты немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектігі бар адамдарды арнайы автокөлікпен қамтамасыз етуге арналған медициналық көрсетілімдер тізбесі айқындалған.

Бұған қоса, инватакси қызметтерін көрсету тәртібі Мүгедектерді автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету Қағидаларымен<sup>2</sup> (бұдан әрі – Қағидалар) регламенттелген.

*Ақпарат: инватакси қызметтерін көрсету тапсырыс қабылдау, мүгедектігі бар адамды қарсы алу, орналасқан жерден инватаксиге дейін тасымалдауға жәрдемдесу (еріп жүретін адам болмаған жағдайда), сондай-ақ отырғызуға/түсіруге, бағажды тиеу/түсіруге (қажет болған жағдайда), мүгедектігі бар адамды және еріп жүретін адамды (болған жағдайда) өтінімде көрсетілген орынға дейін жеткізу кіреді.*

2023 жылға инватакси қызметтерін көрсету үшін жергілікті бюджет қаражатынан 4,5 млрд теңге бөлінген (2022 жылы 2,7 млрд теңге бөлінген).

Инватакси қызметтері медициналық көрсеткіштері бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды қолдаудың қосымша шарасы болып табылады.

Қағидаларға сәйкес жергілікті бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, инватакси қызметтерін алушылар санатын, көрсетуге арналған объектілердің және белгіленген пункттердің тізбесін кеңейтуге болады.

Инватакси қызметтерінің қолжетімділігін ұлғайту және сапасын арттыру үшін Яндекс, Индрайвер және басқа да такси сервистерін ұсынатын ірі компаниялармен келіссөздер жүргізілді.

Пилоттық жоба осы жылдың шілдесінен бастап Астана және Алматы қалаларында іске қосылды. Пилотты енгізу нәтижелері бойынша инватакси қызметтерін ұйымдастыру тәртібін жетілдіру және тиісінше мүгедектігі бар

<sup>1</sup> ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы

<sup>2</sup> Көлік және коммуникация министрінің м.а. 01.11.2013 ж. № 859 бұйрығы

адамдарды автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету қағидаларына толықтырулар енгізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, 2022 жылы «Автомобиль көлігі туралы» Заңына түзетулер енгізілді, оған сәйкес республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық тасымалдауды жүзеге асыру үшін сатып алынатын автокөлік құралдарын жасаушы зауыт халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын тасымалдау үшін ыңғайластыруға тиіс.

Мәселе уәкілетті органдар мен Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Ә. Смайылов**